

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
Философия және саясаттану факультеті  
Факультет философии и политологии  
Faculty of Philosophy and Political Science



Қазақстан 2050

## II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2015 жыл, 7-17 сәуір

Қазақстан халықтар Ассамблеясының 20 жылдығына арналған  
«ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДЕГІ ЖАСТАР» атты  
студенттер мен жас ғалымдардың

### «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

халықаралық ғылыми конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ

#### II ТОМ

Алматы, Қазақстан, 2015 жыл, 13-17 сәуір



## II МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 7-17 апреля 2015 года

### МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции  
студентов и молодых ученых

### «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

«МОЛОДЕЖЬ В НАУКЕ И ОБРАЗОВАНИИ»,  
посвященной 20-летию Ассамблеи народа Казахстана

Алматы, Казахстан, 13-17 апреля 2015 года

#### Том II



## II INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 7-17 April, 2015

### MATERIALS

International Scientific Conference of Students  
and Young Scientists

### «FARABI ALEMI»

«THE ROLE OF YOUTH IN EDUCATION AND SCIENCE»  
is dedicated to the 20th

Anniversary of the Assembly of people of Kazakhstan

Almaty, Kazakhstan, 13-17 April, 2015

#### Volume II

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ  
FACULTY OF PHILOSOPHY AND POLITICAL SCIENCE



II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2015 жыл, 7-17 сәуір

Қазақстан халықтар Ассамблеясының 20 жылдығына арналған  
«ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДЕГІ ЖАСТАР» атты  
студенттер мен жас ғалымдардың

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

халықаралық ғылыми конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ

II том

Алматы, Қазақстан, 2015 жыл, 13-17 сәуір

II МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 7-17 апреля 2015 года

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции  
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

«МОЛОДЕЖЬ В НАУКЕ И ОБРАЗОВАНИИ»,  
посвященной 20-летию Ассамблеи народа Казахстана

Алматы, Казахстан, 13-17 апреля 2015 года

Том II

MATERIALS

international Scientific Conference of Students  
and Young Scientists

«FARABI ALEMİ»

«THE ROLE OF YOUTH IN EDUCATION AND SCIENCE»  
is dedicated to the 20<sup>th</sup>

Anniversary of the Assembly of people of Kazakhstan

Almaty, Kazakhstan, 13-17 April 2015 year

Volume II

Алматы

«Қазақ университеті»

2015

*Рекомендовано к изданию Ученым советом  
факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби*

**Председатель редакционной комиссии:**

**Масалимова А.Р.** – доктор философских наук, профессор,  
декан факультета философии и политологии

**Заместители председателя редакционной комиссии:**

**Кылышбаева Б.Н.** – доктор социологических наук, доцент,  
заместитель декана по научно-инновационной работе и международным связям  
**Нурышева Г.Ж.** – доктор философских наук, профессор, заведующий кафедрой философии  
**Насимова Г.О.** – доктор политических наук, профессор, заведующий кафедрой политологии  
**Абдирайымова Г.С.** – доктор социологических наук, профессор,  
заведующий кафедрой социологии и социальной работы  
**Курманалиева А.Д.** – доктор философских наук, профессор,  
заведующий кафедрой религиоведения и культурологии  
**Калымбетова Э.К.** – кандидат психологических наук, доцент,  
заведующий кафедрой общей и этнической психологии  
**Мынбаева А.К.** – доктор педагогических наук, профессор,  
заведующий кафедрой общей и этнической педагогики

**Материалы** международной научной конференции студентов и молодых ученых «Фараби әлемі» «Молодежь в науке и образовании», посвященной 20-летию Ассамблеи народа Казахстана. Алматы, Казахстан, 13-17 апреля 2015 года. В2-х т. Т II. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 352 с.

**ISBN 978-601-04-1443-3**

В сборнике представлены доклады и выступления участников международной научной конференции студентов и молодых ученых «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» факультета философии и политологии, организованной Советом молодых ученых, преподавателями, магистрантами и докторантами факультета философии и политологии. В работе конференции приняли участие молодые ученые из различных вузов Казахстана и стран СНГ.

В данном сборнике содержатся статьи и доклады по актуальным проблемам философии, политологии, культурологии, религиоведения, социологии, психологии и педагогики.

<b>Жұмабайұлы Н.</b> ЕЭО АЯСЫНДАҒЫ ҚАЛЫПТАСҚАН АХУАЛ .....	170
<b>Жұмабайұлы Н.</b> ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ЭТНОСАРАЛЫҚ КОНФЛИКТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ РӨЛІ .....	173
<b>Кіікбаев Ж.</b> ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ПЕН АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ САЯСИ МӘДЕНИЕТ .....	175
<b>Kilybayeva Sh.</b> POLITICAL PARTICIPATION AND CIVIC ENGAGEMENT: CONCEPTUAL CONFUSION .....	180
<b>Мошанов С.</b> ЕЛІМІЗДЕГІ ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК НЕГІЗДЕРІ МЕН ТӘЖІРИБЕЛЕРІ .....	182
<b>Мұстафаева Н.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЗАҢСЫЗ ЕҢБЕК КӨШІ-ҚОНЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	185
<b>Рүстем М.</b> ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК МӘСЕЛЕСІ .....	188
<b>Сагимов М.</b> К ВОПРОСУ О СОДЕРЖАНИИ ОХРАНЫ ЗЕМЕЛЬ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН .....	190
<b>Сейдуманов А.</b> НОРМАТИВНО-ЗАКОНОДАТЕЛЬНАЯ БАЗА В ОБЛАСТИ ИНФОРМАЦИИ КЫРГЫЗСТАНА И КАЗАХСТАНА (НА ПРИМЕРЕ КНИЖНОГО ДЕЛА) .....	194
<b>Турашов Н.</b> АЙМАҚТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	196
<b>Турсункулов Д.</b> БИЛІКТІ ЛЕГИТИМДЕУДІҢ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ .....	198

#### СЕКЦИЯ РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ И КУЛЬТУРОЛОГИИ

<b>Аликбаева Ж.</b> ОТБАСЫ МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ .....	202
<b>Альжанова Н.К.</b> ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ СӘНДІК ӨНЕРІНІҢ ТҮРМЫС-САЛТТАҒЫ МАҢЫЗЫ .....	205
<b>Әбдіхамитов Б.</b> БУДДИЗМ ЭТИКАСЫ .....	208
<b>Базарбаев Б.</b> КАЗАХСТАНСКИЙ ОПЫТ МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОГО СОГЛАСИЯ И ТОЛЕРАНТНОСТИ .....	211
<b>Бекботаев Н.Ж.</b> ҚАЗАҚ БОЛМЫСЫНДАҒЫ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ .....	213
<b>Бердалы Қ.</b> КОНФУЦИЛІКТЕГІ АДАМ ӨМІРІНІҢ МӘНІ ТУРАЛЫ ІЛІМ .....	216
<b>Борибаева М., Куйкабаева А., Турсынбаева А.Е.</b> РАЗВИТИЕ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ СТУДЕНТОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТЕХНОЛОГИИ ФИЗИЧЕСКОГО ЭКСПЕРИМЕНТА В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ .....	220
<b>Ержігітов М.</b> ДІН МЕН МЕМЛЕКЕТ ҚАТЫНАСЫ, ХОШКӨРУ (ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ) ҰҒЫМЫ .....	222
<b>Ерназаров Д.О.</b> ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ДІНИ САУАТТЫЛЫҒЫ .....	225
<b>Жүсіпбеков Ш.</b> ҚАЗАҚ ТЕЛЕДИДАРЫ АЯСЫНДАҒЫ ЭКРАНДЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ СИМВОЛДЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ .....	228
<b>Исмаил Н.О.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РАДИКАЛДЫ ІЛІМДЕРДІҢ САЯСИ-ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ .....	230
<b>Қадыров А.</b> ХИНАЯНА ЖӘНЕ МАХАЯНАЛЫҚ БУДДАЛЫҚ БАҒЫТТАРДАҒЫ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР .....	234
<b>Құдайбергенов С.</b> ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІНІҢ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ НЕГІЗДЕРІ .....	237
<b>Мадалиева А.</b> ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ В ИЗУЧЕНИИ РЕЛИГИОЗНОГО СОЗНАНИЯ .....	239
<b>Молдағалиев Б., Кокушева А.</b> ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІНІҢ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНЕ ӘСЕРІ .....	241
<b>Мурзабекова Г.</b> ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ МӘДЕНИ ДАМУЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ РӨЛІ .....	244
<b>Мусадик Ұ., Ескеров Х.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ҮРДІСІ .....	246
<b>Мырзабаева К.</b> ИСМАИЛИТТЕР СЕКТАСЫ: АҒА ХАН ИСМАИЛИТТЕРІНДЕГІ ДІННІҢ ЖЕТІ НЕГІЗІ .....	250
<b>Омаров Т.</b> ҚҰРАН ЖӘНЕ ХАДИСТЕР БОЙЫНША «АУЫР КҮНӨЛАР» .....	252
<b>Тұңғышбаев А.</b> ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАСТАР ЖӘНЕ ДІН .....	256

Альджанова Н.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, мәдениеттану мамандығы 2 курс докторанты

Ғылыми жетекші: филос.ғ.д., профессор Борбасова Қ.М.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ СӘНДІК ӨНЕРІНІҢ ТҮРМЫС-САЛТТАҒЫ МАҢЫЗЫ

Қазақ халқы – кең байтақ республика жеріндегі ертеден қалыптасқан қолданбалы сәндік қолөнердің тікелей мұрагері. Сәндік өнер қазақ халқының өмір тіршілігімен дамып, жасасып келе жатқан өнердің бір түрі. Ерте заманнан әр бір ұлттың өзінше өмір сүру қалыбы, тұрмыс-тұрқы, әдет-ғұрыптық өзгешелігі, түсінік-пайымдары бар екені белгілі. Көне дәуірден ақпарат беретін археологиялық қазба жұмыстары қазір мұражайларда сақталған. Ертеде жазу, сызу болмағандықтан көшпенділер өздерінің күнделікті тұрмыс-тіршілігін тастар мен қолөнер бұйымдарына бейнелеп отырған. Ежелден қалған қолөнер туындылары ата-бабаларымыздың өткен өмірінен көп мағлұмат береді. Халқымыздың қолданбалы өнері ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына қашанда ерекше ықпал етті. Ұлттық санадағы осы алтын қорымыз асыл қазына ретінде саналып, үнемі жаңғыру, жақсару үстінде болды. Мәдениет ежелден ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан дүние.

Өнер тарихы дегеніміздің өзі – адамзат тарихы. Адамзат ес жиып, өскеннен бері өнермен бірге өмір сүріп келеді. Бізге белгісіздеу көрінген өнердің бастапқы белгілері ондаған мың жыл бұрын байқала бастаған. Қазақстанның қолданбалы өнері бағзы заманнан бері көптеген жиһангерлер мен коллекция жинаушылардың ғана емес, ғалым-этнографтар, археологтар және мәдениеттанушылардың назарындағы зерттеу нысаны болып келген.

Қасиетті қазақ халқының қолөнерінің тарихы тым тереңде. Ол кеңбайтақ жерімізді мекендеген сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн, қарлұқ тәрізді көне түркі тайпаларының мәдениетінен арқау алады. Және де оған Оңтүстік-Сібір, Орта Азия мен Ресей халықтарының да мәдениеті өз әсерін тигізген. Осындай үнемі жаңғыру үстінде болған қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің даму биігіне көтерілген кезеңі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы.

Әдетте киіз үйдің ең көп тараған негізгі түрі – алты қанат үй. Алты қанат үй дегеніміз – алты керегелі үй деген сөз. Сонда үйдің үлкен-кішілігі, оның қанат санына байланысты. Қанат санына қарай кереге бастарының саны, кереге басына қарай уық саны әр түрлі болып келеді. Мұнымен бірге кереге көздерінің үлкен кішілігіне қарай тор көз кереге (жұдырық сиятындай), жел көз кереге (қос жұдырық сиятындай) деп бөлінеді. Киіз үйдің жасау-жиһаздарының бірі – тамақ, азық-түлік салу үшін әшекейлеп, оюлап жасайтын ағаш сандық – кебеже. Кебеженің халық тұрмысындағы көшіп-қону кезінде түрлі зат салуға арналған көш кебеже деген түрі де болған. Кебеже – кімге болса да өте қажет бұйым. Сондықтан ағаш ұсталары оны, көбінесе, ешкімнің тапсыруынсыз көптеп жасап, шетінен алушыға сата береді екен. Орта есеппен кебеженің ұзындығы 70-90 см, биіктігі – 40-50, ені 40-45 см шамасында жасалған. Кебеженің төрт қабырғасы, түбі мен қақпағы төрт қырлы төрт қазық арқылы біріктіріледі. Мұның бет жағын ғана әсемдейді. Кебеженің бетін оюлап, сырлап көркемдеу Қазақстанның батыс өңіріне тән. Ал кебеженің әлдеқайда үлкен түрі абажа деп аталады. Абажаға ыдыс-аяқтар мен азық-түлік сақтаған.

Ағаш шеберлері ағаштан ойып, қымызға арналған ожау, тегене, саптыаяқ, зерен, күбі, табақ, астаулар (ет салатын ағаш ыдыс), сонымен бірге бидай, тары түйетін келі мен олардың қажетті бөлшектері келсап, піспек сияқты бұйымдарды өз жерімізде өсетін ағаш түрлерінен ұқсатып жасай білген. Ағаштан ойып жасалған кішілеу ыдыс тостаған деп аталса, ас салатын жайпақ ыдыс табақ деп аталған.

Ғылыми деректер бойынша Қазақстан жерінде қолөнер кәсібі мұнан екі жарым мың жыл бұрын түрлі тайпалардың творчествасы арқылы байқап, ұрпақтан-ұрпаққа мәдени мұра болып қалып келеді. Көшпелі өмір салтында, оның ішінде малшы өмірінде өндіріс құралы ретінде ер-тұрманның (ат әбзелдері) алар орны айрықша. Қашанда шаруа адамының мінген аты бапты, киімі ыңғайлы, ер-тұрманы сайлы болса, онда оның бойынан кәсіби мәдениеттің лебі есіп, көрер көзді қуантып тұрған.

Ер-тұрман көне заманнан бері көшпелі халық өмірінің заңды қажеттілігіне сай қалыптасты. Мәселен, ауқатты қазақ отбасы өз бетімен салт жүруге жараған барлық балаларына түгелдей ер-тұрман дайындаған. Ал, қайсыбіреулері баласы туысымен-ақ, атақты ершілер қосқан тамаша ер, сәнді тұрмандарын дайындауға қамданатын. Сондықтан, қазақ даласының қай жерінде болмасын ер тоқым жасау ісі кең өріс алған. Осыған орай ершілер өнері жоғары бағаланып, тәжірибелі ершілерді қысы-жазы бірдей қолдан қолға тигізбей ер қостырып отырған [1].

Төсеніш және қабырғаға тұтатын киіз, түкті және түксіз кілемдердің, басқұрлардың (таспалар) жинағы едәуір көлемді. Қабырғаға тұтылатын, кестелеп тоқылған түрлі-түсті кілем-түскііздер аз көлемде ұсынылған (түскесте, негізі матадан болғандықтан олар тез шіріп кетуге жақын). Қолданылатын материалдардың жалпылығына қарамастан, олардың барлығы әртүрлі ру-тайпалық топтар мен

аудандарға тән өздерінің ою-өрнегінің, колористік құрылымы мен өрнегінің өзгешелігімен ерекшеленеді [2].

Киіз үй – Орталық және Орта Азия халықтарының негізгі баспанасы; Орталық және Орта Азия халықтарының көшпелі тұрғын үйі. Ол – көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі. Киіз үй – ғаламның моделі. Бүкіл ғалам мен адам арасын байланыстырушы. Рухани мәдениет ретінде қарастырсақ, киіз үй баспана ғана емес арғы әлеммен байланыстырып, қаскөй рухтардан қорғайтын киелі орын. Қазақ үйдің киесі шаңырақтан бастау алады. Шаңырақ – қасиетті. Шаңырақ – күннің символы. Шаңырақ көтеріліп жатқанда ешкім сөйлемейді. Өйткені ұлы іс атқарылып жатқанда үнсіздік орнауы тиіс. «Жеті уық шаншылғанша жетесіз ғана сөйлейді» деген сөз осының дәлелі. Шаңырақтың төрт күлдіреуіші – төрт тарапты білдіреді. Уықтарды күннің шашырандысы деп ұғыңыз. Ертеректе шаңыраққа үрлеген қарын байлап қоятын болған. Оның мәнісі, құт құйылады деп есептеген. Шаңырақ отбасының қасиет тұтар дүниесі, тұқымды жалғастыратын белгісі болып табылады. Ол ұрпақтан ұрпаққа беріледі және ата-бабалардың рухын қорғаушы ретінде саналады [3, 21].

Қазақ халқының сәндік бұйымдары күнделікті тұрмыс тіршілікте кеңінен қолданылады. Соның ішінде ұлттық киімдердің алатын маңызы зор. Ұлттық киім – бай тарихи-мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халықтың хал-ахуалынан кең көлемде жан-жақты мағлұматтар береді. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі: қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Қазақтың ұлттық киімдері негізінен ертедегі көшпенділер киімдерін еске түсіреді. Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сақ дәуірінен бастау алады. Қазақтардың киімдерді солға қаусыратыны сақ киімдерінде, орта ғасырларда түріктерде кездеседі. Көшпенділердің киім үлгілерінің тігілу мен пішілу тәсілінде сабақтастық сақталған.

Қазақтың киім-кешегінен халықтың өткендегі өндіргіш күштерінің деңгейін, шаруашылығының даму үрдісін, тіптен меңіреу табиғаттың әсерін, сол сияқты көрші елдердің ықпалын аңғаруға болады. Оның ізін жоғалтпай, әрін тоздырмай, әлі де болса ел игілігіне қызмет ететіні даусыз. Оған дәлел – әртүрлі маталардан тігілетін шапан, бешпент, камзолдардың, аң терілерінен, қаракөл елтірісінен, жұқа ақ киізден тігілетін бас киімдердің, кебіс-мәсінің, тағысын тағылардың республика тұрғындары арасында кеңінен қолдау тауып келе жатқаны. Қазақы киімнің қонымдылығы, пішімінің мұқият ойластырылғаны ондағы киім табиғатымен біте қайнасқан келбет пен әшекей бірлестігін қазіргі киім үлгілерінде де кеңінен пайдалануға болатынын көрсетеді. Тіптен егде тарта бастағандардың киім-кешегіндегі жас ерекшеліктеріне байланысты еуропалық нұсқа мен дәстүр сарынының қатар пайдаланылып келе жатқанының өзінде үлкен мән бар.

Қазақы киім – көненің көзі. Оны ескерткіш ретінде болашақ ұрпаққа сақтау керектігін ескерсек, оған барынша қамқорлық жасап, қалпына келтіру, баламаларын көптеп шығару басты парыз болмақ. Себебі, уақыт өткен сайын ұлттық киімді сақтап, зерттеп білудің қиындай түсе беретіні де күмән туғызбаса керек. Мәселен, ұлттық киімді этнографиялық жолмен, яғни далалық экспедициялар арқылы іздестіріп, киім-кешектің әлі де болса сақталып қалған нұсқаларын жинап, хабарлаушылар арқылы ел аузындағыларды жазып алғанның өзінде олардың білетіндерін, әке-шешелерінен, ата-әжелерінен естігендерін қоса есептегенде, біздің бар мүмкіндігіміз хронологиялық жағынан XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басымен шектеледі. Республиканың музей қорында да негізінен осы кезеңнің киімдері сақталған [4, 21-22].

Қазақтың ұлттық киімдері халқымыздың ақыл-ойы мен биік эстетикалық талғамының жемісі. Басқа ұлттық киімдерді былай қойғанда, қазақ халқы ежелден шапанды, камзолды, тақия мен бөрікті айрықша киелі киім санап, қадір тұтқан. Әсілінде, халқымыз ерте заманнан бері ұлттық киімдерді кімнің болса, соның иығына жауып, қалай болса, солай сыйға тартуды қаламаған. Керісінше, ел басқарған хандар мен сұлтандар қазақы қалыптың, ұлтымыздың айрықша белгісіндей болған шапанды әсте иықтарынан тастамаған. Киім үлгілерінің ұлттық көрінісінің нақыштары, өрнектері, айшықты, ырғақты, стильдерді өз ерекшеліктерімен құнды. Ұлттық киімді әшекейлеу, қолданбалы ою-өрнекті қолдану, ол ғасырлар бойы сіңірген қазақ халқының өнері болып табылады.

Халқымызда көнсен қалған ежелгі салт бойынша құрметті қонақтардың иығына шапан жабу дәстүрі бүгінде заңды жалғасын табуда. Шапан түрлері: әдетте, жергілікті тұрғындар шапанды ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз үлгілері деп те бөліп жатады. Бұған қоса, кейде шапан ру, тайпа атауларына байланысты қыпшақ шапан, арғын шапан, найман шапан, адай шапан, қызыл шапан деп те аталады екен. Сондай-ақ оны географиялық аймаққа қарай Жетісу үлгісі, Арқа үлгісі деп те атайтын болған. Бір ерекшелігі, ұлттық киімдердің түрлеріне байланысты арнайы салт-дәстүрлер мен алуан түрлі ырым да бар [5].

Қоғамның дамуы адамдардың ой-санасының, мінез-құлқының өзгеруімен қоса сыртқы сымбат, келбетінің де жаңаруына ықпал етуде. Қазір киім, бұйымдарда ою-өрнектерді шығармашылықпен қолдану заман талаптарынан туындап отырған мәселелердің бірі деуге болады.

Ежелден келе жатқан кәсіп қол өнер халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Қолөнер шеберлері оюмен танылады. Орнамент-әсемдеу, сәндеу деген ұғымды білдіретін латын сөзі қазақ тілінде ою-өрнек болып алынып жүр. Бұл сөздің ұғымы бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағынаны білдіреді. Ою-өрнек, әшекей жасау шеберлігі бейнелеу өнерінің бір түрі. Ою-өрнектің бір түрі – ою, белгілі бір затты ою ( тас, темір, ағаш) кесу (ағаш, сүйек) тілу (былғары, тері) қию (қағаз, мата) тәсілдері арқылы жүзеге асады. Ою-өрнек түрлері бүгінгі күнге дейін түбегейлі жүйеленген жоқ. Қол-өнер шеберлері ертеден ою-өрнек атауларын екі топқа бөліп қарастырады, бірінші топ ою-өрнектердің тікелей өзіне, түріне қатысты негізгі атаулар, екінші топқа жалпы ою-өрнекті теориялық жағынан негіздеу. Ою-өрнек тарихы, халық тарихымен бірге жасасып келе жатқаны белгілі.

Қазақтың киімінің тәуірін ежелден қыз-келіншектер киген, әшекейдің де ең асылын осылар таққан. Жас қыздар бүрмелі етекте көйлек, бешпент, камзол, қынама бел киімдер, бастарына үкі кепеш, аяқтарына мәсі, оюлы кебістер киген. Бойжеткен қыздар бастарына кәмшат бөрік, сәндеп өрнектеген ақ шыт орамал таққан. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Өткен ғасырлардың өзінде-ақ киіміне қарап адамның ұлтын ғана емес, сонымен қатар оның қандай дінді ұстанатындығын, қала адамын ауыл тұрғынынан, бойжеткенді жас келіншектен айыруға болатын еді. Сонда біздің ата-бабаларымыз, соның ішінде әйелзаты қалай киінген? Мұндайда тарихи деректер, саяхатшылар жазбалары, көне сызба-суреттер сыр шертеді.

Қазақтың ұлттық киімдерінде оның этникалық тарихы мен экономикалық, әлеуметтік және табиғи ортаның ерекшеліктерінен туындайтын көне дәстүрлері сақталған. Олар пайдалану, қолдану ерекшеліктеріне байланысты күнделікті және сәндік киімдерге, жыл мезгілдеріне қатысты қыстық, маусымдық және жаздық киімдер болып бөлінеді. Қазақтың ұлттық киімдерін жас пен жыныс ерекшелігіне қарай: сәби, бала кездегі киімдер, жігіт, қыз боз бала дәуірінің киімдері, орта жас, сар кідір кезеңдегі киімдері деген сияқты түрлерге жіктеуге болатындай. Сондай-ақ қандай кәсіби салаға қатыстылығына қарай – жұмыс киімдері, бір киер сәндік киімдер, үй киімдері, іш киімдер, сырт киімдер, аңшы, малшы, басшы, жауынгер киімдері деп те бөлінеді. Жыл мезгіліндегі тұтынысына қарай жаздық, қыстық, күз-жазғытұрымғы (демисезондық) киім деп ажыратылады. Адамның дене мүшелеріне сәйкес бас киім, ұлы дене киім, аяқ киім деп жіктеледі. Сондай-ақ, қазақ халқында қалыптасқан дәстүр бойынша әр рудың, әр қоғамдық жіктің, кәсіп иелерінің киім киюінің өзіндік ерекшеліктері сан алуан. Мысалы: сал-серілердің, қожа-молдалардың, байлар мен билердің, бақсы-балгерлердің, кедей шаруалардың, аңшы-саятшылардың т.б. киімдері бір-біріне мүлде ұқсамайды. Осындай ерекшеліктерді бас киім қию дәстүрінен де байқауға болады.

Киім – адам денесін ауа райының, қоршаған ортаның зиянды әсерінен қорғайтын бұйым. Олардың бәрі де адамдардың ақыл-ойы мен эстетикалық талғамының, еңбегінің жемісі. Адамзат полеолит, тас дәуірінде-ақ тігіссіз байланатын лыпа киімдерді пайдаланып, сүйектен жасалған ине, сүйек бізді қолдана отырып, тері және тоқыма киім-кешек жасауды үйренген. Ал енді неолит дәуірінен бастап өру, иіру, тоқу кәсібі өмірге келіп, иықтан, мықыннан киілетін киім түрлері пайда болды. Қазақтардың қазіргі киімдерінің көбісі сақ дәуірінен бастау алады. XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары Ойыл мен Сағыз бойын мекендеген қазақтардың киім-кешегін палеоэтнологиялық деректермен салыстыра зерттеген С.И.Руденко, тіпті күпінің қазаққа, оның ата-бабасына кем дегенде екі мың жыл бұрын белгілі болған киім үлгісі екенін дәлелдеп берді. Негізінен, қазақ киімдерін кеңінен зерттеу Қазан революциясынан кейін ғана қолға алынды. Әйел киімдерінің қазақ елінің бәріне мәлім ортақ түрлері: көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, камзол, кәзекей, кебіс-мәсі, көкірекше сияқты заттар. Әшекей, ажар жағынан қыз бен келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен қарт бәйбішелердің киімдері деп төрт топқа арналып тігіледі [6].

Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің ежелгі ұлттық үлгілері мен дәстүрі ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Қазақтың ежелден келе жатқан киіз үйі мен күнделікті тұрмыста пайдаланатын барлық жиһаздары мен заттары ұлттық ою-өрнекпен көркемделіп отырады. Ою-өрнектері қайталанбалы әрі ашық түсті болып келетін алаша, текшелі өрнекті тықыр кілем, әшекей оюлы кебеже сияқты киіз үйдің ішіне тұтынатын сәндік жиһаздармен қатар ағаш ұқсату өнері және жібек жіптермен кестелей тоқу, ағаш пен сүйекті жымдастыру арқылы көркемдеу, тері ұқсату (бедерлі инкрустациялы), оймыш, шекіме, бұрама, қалыптама, қаптырма, көз салу секілді зергерлік өнерінің түрлері де өркен жайды.

Қазақ халқының қолөнері халық тұрмысында жиі қолданылатын өнер жиынтығы болып табылады. Қолөнер түрлері әрбір халықтың өмірімен, қоғам тарихымен тікелей байланысты дамып отырған. Ал, қазақ халқының қолөнерінің өзіндік даму сатысы, өзіндік даму тарихы бар. Әрбір қолөнер түрлері жасалу тәсіліне, қолдану мағынасына және ерекшеліктеріне байланысты бірнеше түрлерге бөліне-

ді. Мысалы, «өру», «тоқу», «кестелеу», «тігу», «мүсіндеу», «әшекпейлеу», «ұлттық киімдер», зергерлік өнер, ағаш бұйымдар, құрастыру, бейнелеу сияқты түрлері кеңінен тараған.

Қолөнер шеберлері үнемі шығармашылықпен жұмыс істей отырып, халыққа қажетті қолөнерлерінің алуан түрлерін өмірге келтірді. Қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің кереге, уық, шаңырақ бұйымдарын жасау, тоқымашылық, сырмақ сыру, текемет басу өнерлерімен кеңірек айналысқандығы белгілі.

Осы аталған халық шеберлері, мұрагер-шәкірттерінің тынымсыз ізденіс үстіндегі еңбектерінің нәтижесінде қазіргі таңда жалғасын табуда. Ежелден келе жатқан кәсіп қол өнер халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады.

1. Хангереева З.С., Бақитова Г.Б. Халық өнері – асыл қазына // <http://olke.kz>.
2. Vestby V. CAD-CAM development in art and craft weaving: Experiences from integration in teaching and training in vocational and university level schools in Norway // Education and Computing, Volume 6, Issues 1-2, July 1990, P. 147–152.
3. Каирбеков Б. Казахская юрта. – Алматы: Дидар, 1998. – 80 с.
4. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. – Алматы: Өнер, 1996. – 192 б.
5. Хинаят Б. Қазақ әйелінің ұлттық киімдері // <http://muftayat.kz>
6. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Национальная одежда казахского народа. National dothes of Kazakh people. – Алматы: Алматыкітап, 2007. – 384 б.

### **Әбдіхамитов Б.,**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дінтану және мәдениеттану кафедрасының  
магистратура бөлімінің студенті  
Ғылыми жетекші: **Бейсенов Б.Қ.**

## **БУДДИЗМ ЭТИКАСЫ**

Әлемдік діндер аренасына буддизм б.з.д 6 ғасырда келді. Сол уақыттан бері Оңтүстік Азия жерінің этикалық канонына айналды. Буддизм дінінде негізгі 4 ақиқат және сегіздік жол деп аталатын философиялық ұғымдар бар. Бұлар будданың негізгі философиялық мектебінің бастауы болып табылады. Буддизмде барлық категория өзара тығыз байланысты екенін түсіну өте маңызды. Сегіздік жолды кейде табалдырықтардан тұратын, баспалдақ сияқты көрсетеді. Сондықтан әрбір табалдырықтан көтерілген сайын адамға даму мүмкіндігі туады деп ойлауымыз мүмкін. Әйтседе бұл адасу. Будда айтқанындай, ондай прогресті әрбір категорияны тәжірибелі түрде меңгерсеңіз (және әрбір аспектімен) басқаларымен қоса, сонда ғана сіз рухани баиисыз.

Мысалы: адамгершілікті мінез құлық бізге даналық жағдайына жету үшін керек екенін ұмытпауымыз қажет, дәл осы сияқты даналықсыз, сана дисциплинасыз, біз адамгершілік мінез құлқына жете алмаймыз. Барлығы бір-бірімен тығыз байланысты, дана адам- қайғыға батқан адам, қайғыдағы адам- Дана адам. Сегіздік жол- сапарымыздың бағыт бағдары берілген карта сияқты, егер оны іске асыра алсаңыз, ол сізге арғы жағаға өтетін қайық болады.

Будда өз ілімін “көптің пайдасына, көптің бақытына, әлем азабынан берілген” деп айтты. Егер біз осы ілімді оқи отырып адамгершілік мінез құлқын, қалыптастыра алмасақ, онда бұл пайдасыз, керек емес ілім. Қайғыға ортақтаса білу, буддизмді ұстанушының ең жоғарғы жетістігі, демек, адамгершілік мінез құлық соңғы мақсат емес, ол тек қана адам өзіндегі қайғыға ортақтасатықты дамыту үшін, қажет құрал. Адамгершілікті мінез-құлық адамда махаббат, рақымдылық, мейірбандылық және дұрыс өмір сүру деңгейімізден. Бұл істеріміздің арқасында біз басқа адамдардың қайғысын, мұңын жеңілдетеміз, және өз қайғымызға да көп көмегі тиеді. Бұдан басқа, біз өзімізді тазартамыз. Сегіз жолдағы үш аспектіні білу және іске асыру біздің элементарлы парызымыз бен дисциплинамызға теңеспейді қажет. Бұл әрине, дұрыс бірақ бастысы біздің іс әрекетіміздің шынайы, еркін болуы, керек біз қуанышпен шын жүрекпен әрекет етуіміз керек. Егер біз сегіз жолдың ережелерін ұстанатын болсақ онда біз ізміз өмір сүретін ортаның қайғысын неғұрлым жеңілдетеміз. Бұл жерде себептерді анализдеу қажет, бұл бізге, мұның неге өте қажет екенін түсіндіреді. Ап-айқын біздің іс-әрекетіміз, біздің тағдырымыздың, өміріміздің қандай болатынына әсер етеді. Егер кімде кім сөзбен немесе ісі мен бізге қатысты әділетсіз іс жасаса, біз өзімізді ренішті сезінеміз. Біздің жанымыз ауырып, ашуға булығамыз. Ішімізден оған дәл сондай етіп қайтару деген тілек пайда болады. Біздің рухани жағдайымыз мұндай да тұқрақсыз деп сипаттауға болады. Біздің эмоцияның әсеріне жығыламыз, ол кезде істің соңы туралы ойланбаймыз. Егер мұндай әрекеттер әр адамның тарапынан өсе беретін болса, онда бүкіл қоғам тез арада индивитті антогонизмнан әлсуметтік ретсіздікке ұшырайды, ал бұл дегеніңіз соғыс.

Шила – бұл буддист мағынасында этикалық болып қабылданған, немесе адамгершілік, мінез-құлық, “сегіз жолда” бір-бірімен тығыз байланысқан әділ де шыншыл қадамдар. Әйтсе де буддистер өсиеттің дұрыс орындалуына әрқашан да өзін-өзі жетілдірудің қажет екенін түсінеді. Өсиеттер бағдар береді деп те